



2012 жылдан бері Janus компаниясы HP компаниясының кешенді аударма қызметтерінің негізгі жеткізушісі болып қызмет етеді. Аударма және оған қатысты қызметтерге тапсырыстар компанияның түрлі еншілес бөлімдерінен келеді, себебі көп жылдар бойы HP жобаларымен жұмыс істеп келген мамандар тобы өзінің кең ауқымда маманданғанын көрсете білді. Қазірде Janus компаниясы HP компаниясының түрлі бөлімдері үшін 30 тілге қатысты бірқатар жобалармен (ақпараттық технология, қолдау, маркетингтік және заңгерлік материалдар) жұмыс істеуде. Тапсырмалардың

барлығы клиенттің ішкі аударма жобаларын басқару жүйесінде орындалады. Қызметтердің қажетті деңгейіне жету мақсатында Janus компаниясына сөзсіз жоғары сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін түрлі профильдегі мамандар тобы құрылды.

Клиенттің шығындарын оңтайландыру үшін біз серверде сақталатын және аудармашыларға, редакторларға және менеджерлерге бір уақытта қауіпсіз қолжетімділікпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аударма жадын пайдаланамыз.



Тапсырмалар

- Бірқатар өнімдерге арналған түрлі тақырыпта 30 тілге аударма жасау
- Күрделі графикалық кескіндерді компьютерлік беттеу және локализация жасау
- Процесті аударма жобаларын басқару жүйесіне біріктіру
- Шығындарды оңтайландыру мақсаттары

Шешімдер

- Ақпараттық технология саласындағы жоғары білікті сарапшылар тобын құру және ұсыну
- Клиенттің ішкі тобының жалғасына айналған ішкі топ құру
- Аударма жобаларын басқару жүйесімен жұмыс істеу және оның артықшылықтарын көрсету
- Аударма шығындарын жыл сайын қысқарту

Шешімдердің құрамы

- Аударма жобаларын басқару жүйесін пайдалану
- Ақпараттық технология саласындағы арнайы құрылған жоғары білікті лингвистер және мамандар тобы
- Бюджетті басқару және шығындарды оңтайландыру бағдарламасы

Заманауи бәсекелес нарық жағдайларында ақпараттық технологияға маманданған компаниялар ең соңғы технологияларды нарыққа шығаруда бәсекелестерінен озудың жоғары қажеттілігін сезінуде. Толассыз инновациялар, өнімділіктің артуы, шығындардың қысқаруы және жаһандану үдерісі жетекші компаниялардың басым мақсаттарына айналуға. Жаһандану көптеген нарықтардың есігін ашады, алайда көзделген аудиторияға ақпаратты дұрыс жеткізу үшін байланыс құралдарының көптеген түрлерін жүйелі және сапалы түрде орналастыру керек.

Janus компаниясы локализация және интернационалдандыру кең көлемді мамандар тобының, сондай-ақ ISO стандарты бойынша куәландырылған сапаны бақылау жүйесі мен сынау үдерісінің болуы арқасында локализация, әзірлеу, редакциялау және сынау бойынша қызметтердің толық шеңберін ұсынады.

